



ЧЕРНОБЫЛЬ ОҚИҒАСЫНА – 30 ЖЫЛ

Осыдан 30 жыл бұрын, яғни, 1986 жылдың 26 сәуірінде Чернобыль атом энергиясы станциясында орын алған апаттың зардабын жоюға 800 мың адам атсалысты. Оның химиялық қорғау полкі құрамында болған 32 мың қазақстандық азаматтар еді. Апатты ауыздықтағандар оның зардабын уақыт өте келе тартты. Бүгінгі күні радиацияның салдарынан айықпас дертке душар болғандар саны артуда. Чернобыль апаты келтірген залалы мен салдарына орай «XX ғасырдағы ең ірі техногендік радиациялық апат» делінді.



Студент жастармен кездесті

БЛАҚАДЫЛ

Қаладағы жастар бастамаларын дамыту орталығы ұйытқы болған шара осы Чернобыль апатының орын алғанына 30 жыл толуына арналды. «Чернобыль апатының тарихи маңызы» деп аталған кездесу ИнЕУ колледжінде ұйымдастырылды. Оған осы апаттың салдарын жою жұмыстарына бөлсене атсалысқан екібастұздық Абай Тұрымтаев, Қайыржан Жақыпов, Тұяқбай Қасымов, Нұрғали Қоқымбаев және Жексенбай Мұрзалиновтар арнайы шақырылды. Кездесу барысында ардагер жауынгерлер өз бастарынан өткізген ерлік істерін студенттермен бөлісті.

— 1986 жылы біздер, барлығы бес жүз-

дей адам, жоғарыдан бұйрық алынысымен Чернобыльдегі апат аймағында болдық. Небәрі жиырма жасымызда қиын жағдайды бастан өткердік. Онда апатты аймақтарға су шашып, сосын су сіңген топырақты қырып, арнайы қазылған жерге көміп отырдық. Апатты жарылыстан кейін Украинадағы хуторлардың жұрты ғана қалды. Тірі жан жоқ, тұрғындар өздерімен бірге құжаттарын ғана алып кеткен. Үй, қора-қопсы, малдары сол қалпында қала берді.

Біздер, көмекке барған жауынгерлер, респиратор тағып, таңғы алтыдан көшкі онға дейін тыным таппадық. Кейін білсек, апаттың ең жоғары радиациялы аймағында болған екенбіз. Барған соң алғашқы аптадан кейін полктағылардың барлығы сырқаттанды. Қазір

енді осының зардабы шегудеміз, деді «Чернобыль одағы» қоғамдық бірлестігі төрағасының орын-басары Абай Тұрымтаев.

Чернобыль оқиғасының куәгерлері азаматтық борыштарын қандай қиындықпен өткізгендерін әңгімелейді. Олардың айтуынша, сол кезеңде жауынгерлер бір үйдің аумағын белгіленген уақыттың ішінде тазалауға міндеттелген. Ал талап бойынша бір күнде 10 үйдің аумағын тазартуға тиіс еді. Олар қорғануға арналған киім мен арнайы әзірленген тамақты тұтынып отырыпты. Тамақтанған кезде химиялық зат айналаға ұшпас үшін маңайға су шашып тұрған екен. Әйтпесе химиялық зат шаң-тозаңмен бірге адамның тыныс жүйесі арқылы ішке енеді. Онда болған

қырық бес күн мәңгі есте қалды. Тіптен бір күн жүрудің өзі мұң болғаны анық. Осы жігіттермен бірге барғандардың түгелге жуығы аман-сау қайтып келгенімен, көбінің денсаулығы мәз емес. Араларында шашы мен тісі түсіп қалғандар жетіп артылады. Буын ауруы белең алып, басы ауыратындар да бар. Соған қарамастан, үкімет тарапынан ай сайын берілетін жәрдемақы мардымсыз. Емделуге жетпейді. Ардагерлер тым болмағанда жылына бір мәрте курорттарға барып, сауығуға тегін жолдама қарастырылса деген ойларын да жасырмады.

Иә, жүз мыңдаған азаматтардың ерлігі мен жігері арқасында көп дүние орнына келді. Бірақ жоғалған денсаулықты кім қалпына келтіре алады?!